



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҰЛТТЫҚ ЖИҒАЗДАР ДИЗАЙНЫНЫҢ ПІШІМІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛЫ

Қарабалин Оразбай Төлегенұлы

Oraz_74@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Саулет - құрылыс факультеті
Дизайн және инженерлік графика кафедрасы магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Бәйдібеков Ә.К.

Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру жолдауында мемлекет басшысы «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды.

Мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керек», - деді Нұрсұлтан Назарбаев [1].

Міне осы рухани жаңғыру жолында өнер саласындағы дизайнерлердің қосары көп. Сондықтан суретшілер мен дизайнерлер алдында ұлтымыздың қол өнерін зерттей отырып, жаңа тәсілдерін ойластыру міндеті тұр.

Тарихқа назар салсақата бабаларымыз күнделікті тұрмыста пайдаланатын үй жиһаздарын өте асқан шеберлікпен жасаған. Мұндай этнографиялық деректер туралы еліміздің көрнекті этнограф ғалымдар Х.Арғынбаев [3] пен Ө.Жәнібеков [5] арттарына көптеген құнды мұра қалдырды.

Үйге сән беретін тұтыныс бұйымдар мен тұрмыстық заттарды функционалды және эргономика жағынан ыңғайлы етіп орындаған. Адам денсаулығына пайдасы мол, көшіп қонуға ыңғайлы, әр жеңіл ағаштан жасалған тұрмыстық жиһаздар. Бұл жиһаздарды атап өтетін болсақ, олар ағаш төсек, адалбақан, жастықағаш, асадал, жүкаяк, кебеже, сандық, қол сандық және т.с.с. Оларды жасаған шеберлерді арнайы «Ағашшы», яғни ағаш жасау шеберлері, «Үйші», «Балташы» деп атаған. Бұл шеберлер кәсіптерімен тұрмыстық бұйымдарды қажеттілігіне сай, үй бұйымдары мен жиһаздарды көркем орындай білген.

Ұлттымыздың тұтыныс жиһаздарының бірі «Төсек», яғни ағаш төсек (1-сурет). Қазіргі уақытта қолдануы мен көркем орындауына байланысты төсектің негізгі үш түрі сақталған. Оның бірінші түрі – екі басы қайқылау келген сүйеніш тақтайы бар, төрт сирақты. Ал екіншісі – екі басы қайқылау келетін, алты немесе сегіз сирақты. Соңғы үшінші түрі – екі басы тік келген төрт сирақты төсек. Мұнда төсек бастарының қайқы болуы – жатқан адамның аяғы мен басы денесінен сәл биік келіп, демалғанда қан айналысы жақсы болатынын бабаларымыз баяғы заманда-ақ біліп ескерген. Бұл төсектер сондай-ақ, ыңғайлы жылдам ажыратылып және құрылады, сонымен қатар көшкенде түйеге артуға өте қолайлы.

Төсектің композициясы симметриялы, түстік қатынасы қарама-қайшы қанық түсте, оюлы өрнекті композициямен толтырып орындалған. Зооморфтық өрнекте төрт түлік малдың абстракциялық композицияда тік бұрышты геометриялық форманың ішінде жеке болғанымен, тұтастықтан ажырамай бір-бірімен сабақтасып тұрады. Сонымен қатар, төсектің жалпы сыртқы геометриялық пішімі, яғни формасының өзі сол төрт түлік малға ұқсайды.



1 сурет: Ағаш төсек

Ағаш төсектерге жайылатын сәнді және оюланған төсек сырмақтар, құрақ көрпелер тұсына қойылатын адалбақан, ілінетін түскиіз, тоқылған кестеленген төсек жапқыш, керемет жарасып, үйдің сәні мен ажарын аша түсетін болған. Әдетте заттар екі қағида бойынша бағаланады: ыңғайлы - ыңғайсыз және көркем-көріксіз. Бірақ төсектің пішімі мен сол пішімге жабғыштар арқылы сән беріп тұрған көркі мен ыңғайлығына мін келтіре алмайсыз.

Халқымыздың мәдениеті мен тұрмысындағы жиһаз бұйымдары арқылы көшпенді өмір салты анық байқалады. Сол көшпенді өмірде жие қолданатын ұлттық жиһаз түрі – «Асадал», ас және адал деген сөздерден құралған (2-сурет). Бұл жиһаздағы жиналатын ыдыстар үй жануарлары мен құрт құмырсқадан қорғайтын болған, яғни ыдыс-аяқ таза ішкен асымыз адал болған.

«Асадал» негізінен қазіргі шкафтың қызметін атқарған. Этнографиялық деректерге қарағанда «Асадалдың» бірнеше түрі болған және асадалды туыс түркі халықтарының бәрі пайдаланған екен [2]. Белгілі этнограф Х.Арғынбаев өзінің еңбегінде «Асадалдың» ең көнесі қазіргі уақытта тумбочка тәрізденіп енінен биіктігі артық болып жасалса, екінші түрінің ені мен биіктігі шамалас келеді. Үшінші түрінің биіктігі кебежедей ғана болған. Ал төртінші түрі буфет тәрізденіп жасалған асадалдар деп жазады [3].



2 сурет: Асадал

Солардың бірі буфет тәріздес етіп жасалған «Асадал». Осындай «Асадал» қазіргі уақытта Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Этнография» залында орналасқан. Асадал музей қызметкерлерінің құнды жәдігерлер жинақтау экспедициясы кезінде Қазалы өңірінен табылып, 1982 жылы музей қорына өткізілген. Бұл асадал қазіргі уақытта елімізде сақталған басқа асадал түрлеріне ұқсамайды және өзіндік геометриялық пішінімен ерекшеленеді. Асадалдың екі ашпалы есігі бар. Асадалдың ең үстіңгі ашық бөлігіндегі ою-өрнектерде көңіл аударарлық. Маңдай бетіндегі гүл тәріздес оюлар және қаз мойын тәріздес өрнектермен өз реңкін, өз нақышын тапқан. Ал асадалдың бет жағы, екі

жаны төрткілденген және бір зер саларлық жәй төрткіл іші қауызын жарған гүл тәріздес ою бедерленіп айналасына шаттық оюымен безендірілген өрнектер жүргізілген. Осындай әртүрлі ою-өрнектердің бір-бірімен қиылысуы, үйлесуі, шебердің ұсталық өнерінің жоғары дәрежеде болғандығын көрсетеді [4].

«Асадал» туралы Өзбекәлі Жәнібеков былай деген -Асадалдың қақпағындағы бітпес желісіне құрылған бәйтеректі (өмір ағашы) бейнелегенде бізге аты-жөні белгісіз шебер әлеміндегі шексіз қозғалысты, мәңгілік өмірді, өзара байланыстылықты, үйлесім мен реттелген тәртіпті көрсету үшін күн шұғылысына малынған гүл шиыршығын, қазақ ою-өрнегінде сирек кездесетін ілтүпаттық белгісі-лотостың, ежелден келе жатқан мейірімділік, тілектестік нышаны – қырғауылдың суретін алған. Төменгі суырмаалардың әшекейінде «күпияға» толы әлем кеңістігінің белгісі – шеңбердің қисынын айқындай түсу үшін беймәлім тұңғыыққа, алыс қашықтыққа меңзейтін күрік, ерсілі-қарсылы жол, толқын, табиғатты жандандыратын күн, күн нұры, бұлт, жауын-шашын нышандарын пайдаланған [5].

Қазір қолөнер шеберлеріміз қазақ халқының ұлттық бұйымдарының (сандық, ожау, торсық, қару-жарақтар, сәндік әшекейлі бұйымдар, т.б.) қайталанбас түрлерін этнодизайндық үлгіде жасауда. Безендіру өнерінде де дизайнның әдіс-тәсілдері мен тәжірибесі кең қолданылады. Онда кең пайдаланылатын материалдар, олардағы бедер асқан шеберлікпен орындалаған этнодизайн қолданбалы өнері мұрасы. Дизайн өнері заман талабына орай елімізде енген болатын. Дизайн өнері қазіргі өскелең тұрмыстық жағдайлар мен талап-сұраныстарға байланысты жаңа сипаттарға ие болуда. Жарнама, плакаттар, кітап безендіру, өндіріс бұйымдарын жасау, жиһаз бұйымдарының жаңа үлгілерін өмірге әкелу, т.б. қазіргі заманғы кәсіптердің дамып-жетілуі дизайн өнерімен тығыз байланысты. Этнодизайнда өзіндік қолтаңбасы бар өнер ретінде заман талабына сай даму үстінде.

Дегенмен соның ішінде жиһаз этнодизайны заманауи дизайнда орындалуы ақсандап тұр. Оған себеп этнодизайнда жиһаз өнерін артта қалушылық көзқараспен қарауы, оның жаңа туындыларды дамыту құралы екендігін жете түсіне білмегендіктен.


Этнодизайн жиһаздарын қазіргі уақытта тек ұлттық тағамдарды дайындайтын асханалар интерьерінде ғана қолданылса, ал үйлер мен пәтерлердің интерьерін классикалық шешімде болғандықтан жиһаз түрлері соған сәйкес таңдалуда. Этно стиль сәнге айналдыруға болады, егер бұл пәтер интерьерін жайлы ету үшін, этникалық этностың ұлттық колориті аркасында шешуге керемет мүмкіндік береді.

Бүгінде дизайнер үшін этнодизайн үрдістерін негіздеу және нығайту маңызды, яғни дәстүрлер мен стильдерге назар аудару қажет. Сондай-ақ, біздің еліміздің этнодизайнның құндылығы туралы ғылыми және білім беру бағытында жетілдіру керек, себебі этнодизайн күпиясы жасырын әлем секілді. Этнодизайнды түсінуге және нысанның жасырын сипаттамаларын анықтау үшін, оның материалын, өңделуін, орындалуын зерттеу қажет. Халқымыз өнерге терең көңіл бөле отырып, табиғатпен етене тығыз байланыста болғандықтан сол жиһаз пішінін, ою өрнектері мен түстер композициясын қоршаған ортадан алған. Айналадағы қоршаған дүниеден стилизация жасауда үлкен шеберлік таныта білген. Осындай зертеулер нәтижесінде тұрмыстық бұйымдардан қазақ халқының өнерге деген талғамы жоғары екенін анық көруге болады.

Осы зертеу нәтижесі жаңалық этнодизайн мұрасын басқа өнер стилдері мен ағымдарына байланыстыра заманауи өнер туындысын жаңашыл бағытта жасау, байланыстыра, тоғыстыра орынды бағытпен дұрыс жолын таңдай отырып, нәтижесінде ұлттық нақышта оны шеттен тыс бір бағытын басым қылмай ортасын табу, жиһаздың заманауи көркем бейнесін орындау алдымен пішін іздеуден басталады. Пішінді дұрыс қалыптастыру үшін, біріншіден нысан мазмұны мен пішіні қандай болуы керек екені анықталады, пішіннің аралас бағыттағы композициялық құрылымын іздейді (3-сурет). Жаңа жиһаздарды құру жұмысында, өнімнің функционалдылығын, эстетикалық және эргономикалық талаптарын, пайдалану шарттарымен қатар өндірістік технологиясын, материалдарын назарда ұстау қажет. Міне осы материалдарды, ерекшеліктері оны қолдану және нысанда пайдалануда көңіл бөлген жөн. Материал ерекшелігі табиғи өнімділігінде,

ұлттық этнодизайн көрнісі мен орындалу әдісін зерттей отырып оны заманауи жиһаз нысанда пайдалану жолын табу қажет.

Жоғарыда айтылғанды қорта келе, ұлттық өнерімізді таныту - арнайы ғылыми зерттеу және дизайн нысаны ретінде көркем жобалау нәтижелерінен іздеуді болып табылады. Біздің елімізде этнодизайн өз жолын жасауда, толық түсінікті емес, бірақ бәріне таныс. Өткен және қазіргі арасындағы тепе-теңдікті табу үшін ақпарат көздерін пайдалану, жаңғырту және жаңа ыңғайлы және функционалды, эстетикалық жаңа стилді затты, бізді қоршаған, шығармашылық пен ұлттық рухты қосу. Мәдени эстетикалық және өнер нысанын құру мақсатында шығармашылық технологиясын жүзеге асыру.



3 сурет: Ағаш төсек жобалары

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» 1998. – 470 б.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқының колөнері. - Алматы: Өнер баспасы, 1987. – 44б.
4. Көшекбаев Ә. Арал өңіріндегі дәстүрлі мәдени бұйымдар // Мәдениет журналы. 2013, №9 – Б.31–33.
5. Жәнібеков Ө. Жолайрықта. –Алматы: Өнер баспасы, 1992.- 14-бет.